

"Мемлекеттік мекемелердің есептілігін жасау мен ұсынудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 424 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 28 қазандағы N 533 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 18 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5360 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 27 ақпандағы N 89 Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 27 ақпандағы N 89 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Мемлекеттік мекемелердің есептілігін жасау мен ұсынудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 424 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3293 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілердің бюллетенінде жарияланған 2005 ж. тамыз), N 17, 135-құжат, 2005 ж. қыркүйек, N 18, 144-құжат, N 3869 болып тіркелген, "Заң газетінде" 2005 жылғы 4 қарашада N 204-205 (938-939) жарияланған Қазақстан Республикасы Қаржы министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 21 қыркүйектегі N 341 бұйрығымен өзгерістер енгізілген, N 4631 болып тіркелген, "Заң газетінде" 2007 жылғы 18 мамырда N 74 (1103) жарияланған, N 4631 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 108 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген "Мемлекеттік мекемелердің есептілігін жасау мен ұсынудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 424 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: - N 5045 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, "Заң газетінде" 2008 жылғы 18 қаңтарда N 8 (1408) жарияланған, мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің есептілігін

жасау мен ұсынудың ережесінде:

1-тармақта "тоқсандық" деген сөзден кейін ", ай сайынғы" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

"16-1. Жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшілігі сыртқы қарыздар бойынша бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға және сыртқы қарыз есебінен нысаналы трансферттер алынған республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісіне есепті кезеңнен кейінгі айдың 3 күні N 11-а нысаны бойынша ай сайын Есеп береді (осы ережеге 29-қосымша). Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган N 11-а нысаны бойынша сыртқы қарыздар жөнінде есепті қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне айдың 5 күні беріледі.

044-жол бойынша республикалық бюджеттен жыл басынан бастап түскен сыртқы қарыздар есебінен нысаналы трансферттер сомасы көрсетіледі – барлығы бірыңғай бюджет сыныптаушының кіріс кодтары бойынша; 050 жол бойынша – жыл басынан бастап жұмсалған қаражат сомасы – барлығы (оның ішінде ерекшеліктер бойынша).

Қазынашылықтың аумақтық бөлімшесі және бюджетті атқару жөнінде жергілікті уәкілетті орган N 11-а нысаны бойынша сыртқы қарыздар жөнінде есептен алынған деректерді тиісті бюджеттің атқарылуы туралы есепте көрсетеді.

N 11-а нысан айлық есептілік болып табылады.";

17-1-тармақ алынып тасталсын;

41-тармақтың оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"290-жол бойынша (171) "Уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы жөніндегі есеп айырысулар" мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша есептелген жәрдемақы берешектерінің сомасы көрсетіледі, 582-жол бойынша пассивте уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша жәрдемақы берешегінің қалдығы көрсетіледі.";

54-тармақтың үшінші абзацы "кінәлі тұлғалар есебіне жатқызылған есептелген жетіспеу сомасы және" деген сөздермен толықтырылсын;

62-тармақ мынадай мазмұндағы оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші және он жетінші абзацтармен толықтырылсын:

"190-жол бойынша мемлекеттік мекеме есебінен есептен шығарылған активтердің жетіспеу сомасы көрсетіледі;

200-жол бойынша айыпты тұлғалар есебінен шығарылған активтердің жетіспеу сомасы көрсетіледі;

210-жол бойынша өз жүйесінің мемлекеттік мекемелеріне ақысыз берілген активтер сомасы көрсетіледі;

211-жол бойынша басқа ұйымдарға ақысыз берілген активтер сомасы көрсетіледі.

220-жол бойынша ескіруі және тозуы бойынша есептен шыққан, сондай-ақ артық және керек емес мүлікті сату тізімінен шыққан активтер сомасы көрсетіледі.

232-жол бойынша 190-231-жолдарда санамаланбаған есептен шығарылған активтер сомасы көрсетіледі.";

68-тармақтың бірінші абзацының бірінші сөйлемінде "мемлекеттік мекеме" деген сөздерден кейін "республикалық бюджет есебінен ұсталатын," деген сөздермен, "әкімшісіне" деген сөзден кейін "республикалық" деген сөзбен толықтырылсын;

көрсетілген Ереженің 3-қосымшасында:

"Теңгерім" бөлімінде:

1 "Актив" бағанында:

мемлекеттік тілдегі мәтінде "Активтер" 1-кіші бөлімінде "Материалдық активтер" деген сөздер "Материалдық емес активтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

VI "Есеп айырысу" - кіші бөлімінде "Міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша есеп айырысу" деген сөздер "Уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы бойынша есеп айырысу" деген сөздермен ауыстырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінде:

VI "Есеп айырысу" кіші бөлімінде "Бекітілген қаржыландыру жоспарының шегінде басқа кредит берушілермен есеп айырысу" деген сөздер "Бекітілген қаржыландыру жоспарының шегінде өзге де дебиторлармен есеп айырысулар";

VIII "Шығындар" кіші бөлімінде "Зияндар" деген сөз "Шығындар" деген сөзбен ауыстырылсын.

1 "Пассив" бағанында:

III "Есептер" кіші бөлімінде "Міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету жөнінде есеп айырысулар" деген сөздер "уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы жөніндегі есеп айырысулар" деген сөздермен ауыстырылсын.

"Бюджеттен 230; 231; 234; 239 (140; 143) қосалқы шоттар бойынша қаржыландыру сомасының қозғалысы туралы анықтама" бөліміндегі мемлекеттік тілдегі мәтінде:

5-бағанда "АҚЗ" деген сөз "АТЗ" деген сөзбен ауыстырылсын;

Көрсетілген ереженің 4-қосымшасында:

мемлекеттік тілдегі мәтінде 3-бағанның атауы мынадай редакцияда жазылсын

:

"Бір жылға арналған нақтыланған қаржыландыру жоспары";
 көрсетілген ереженің 6-қосымшасындағы атауда ", 1_____ жылға _____
 бюджет есебінен ұсталатын," деген сөздер алынып тасталсын;
 көрсетілген ереженің 7-қосымшасында:
 мемлекеттік тілдегі мәтінде:

"N 2-д-нысан" деген сөздер "N 4-д-нысан" деген сөздермен ауыстырылсын;
 1-бағандағы "Бастапқы жылға жеке немесе заңды тұлға қайтарымдылық
 шарттарында мемлекеттік мекемеге беретін ақшаның қалдығы – барлығы" деген
 сөздер "Жылдың басына жеке немесе заңды тұлғалардың уақытша
 орналастырылған ақшасының қалдығы - барлығы" деген сөздермен
 а у ы с т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген ереженің 8-қосымшасында:
 мемлекеттік тілдегі мәтіндегі 1-бағанда "Бастапқы жылға қалдық ақша -
 барлығы" деген сөздер "Жылдың басына қаражаттардың қалдығы - барлығы"
 деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген ереженің 11-қосымшасында:
 "Активтер қозғалысы" деген II бөлімде:

"

қайтарымсыз беруден.....	210		
--------------------------	-----	--	--

"

деген жол мынадай мазмұндағы:

"

қ а й т а р ы м с ы з	б е р і л д і :	210		
өз жүйесінің мемлекеттік мекемелеріне басқа ұйымдарға		211		

"

ж о л м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген ереженің 12-қосымшасында:

"Материалдардың, тамақ өнімдерінің және АТЗ-ның қозғалысы" деген II
 б ө л і м д е :

1-бағанда "басқа ұйымдардан", "басқа ұйымдарға" деген сөздер "басқа
 ұйымдардан", "басқа ұйымдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;
 осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 29-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті (
 Ә.Түсіпбеков) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан
 Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның
 бұқаралық ақпарат құралдарында кейінгі жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он
 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2008 жылғы 28 қазандағы
N 533 бұйрығына

қосымша

Мемлекеттік мекемелердің
есептілігін жасау мен
ұсынудың ережесіне

29-қосымша

Сыртқы қарыздар бойынша есеп

N 11-а-нысан

Функционалдық топ _____

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі _____ ҚҰБС б/ша _____

Инвестициялық жобаны іске асырушы мемлекеттік мекеме _____

_____ ҚҰБС б/ша Коды

Бюджеттік бағдарлама _____

Кіші бағдарлама _____

М е р з і м д і л і г і : а й л ы қ

Өлшем бірлігі: теңге

Атауы	Жол коды	Б Б С коды
1	2	3
Жылдың басынан бері сыртқы қарыздар есебінен республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер түсті, барлығы:	0 4 4	
Жылдың басынан бері жұмсалды – барлығы: Оның ішінде (ерекшеліктер бойынша):	050	

Басшы _____

(қ о л ы)

(а т ы - ж ө н і)

Бас бухгалтер _____

(қолы)

(аты-жөні)

күні: 200__ жыл " __ " _____.